



Байланысшы Мəжит

әскери бөлімшесіне байланысшылыққа ауыстырады. Мұндағы міндет – қарша бораған оқтың астында радиостансаларды тексеру. Жанкешті азаматтың бораған оқтың астында еңбектеп жүріп, сымдарды тіспен жалғаған кездері де болды.

Отан үшін от кешкен сарбаздың өңірінде орден-медалдар жарқырады. «Ерен еңбегі үшін», «1941-1945 жж Ұлы Отан соғысында Герма-

жылдың басында Гүлжәкен жеңгемізбен шаңырақ көтерді. Жарасымды отбасын құрып, 10 баланы өсіріп-жеткізді. Егіндібулақ ауылына қарасты қазіргі Қарашат бөлімшесінде жұмыс істеді. Ауылда трактор бригадасының бригадирі болды. Техниканың құлағында ойнайтын. Комбайнды да тізгіндеді. Айналасында қыз болмағандықтан мені ерекше жақсы көретін,- дейді Төкен апа. - Бауырмал, кісілігі мол, туысқаншыл. Елге сыйлы еді. Ауылдастары арасында барлық шаруаның, игі істердің ұйымдастырушысы бола білді. Ауылдың бірде-бір науқандық жұмысынан қалмады.

...Мəжит атамның аяулы жары Гүлжәкен жеңгеміздің темірмен қапталған оюлы жасыл түсті әбдіресінің түбінде сақталған құжаттарды, медальдарды қолыма алдым. Көне тартқан газеттер мен медальдар өткен күндердің белгісіндей көзіме оттай басылды. Атасынан қалған естеліктерді қолды етпей, бүгінгі күнге жеткізген келіні Бәтимаға (ұлы Файзолланың әйелі) іштей риза болдым.

Мəжит ата 1955 жылы 25 тамызда Москва қаласында өткен Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысып, медальмен наградталды. Осы аталған көрмеге екінші рет қатысып, жетістіктерден көрінген.

Мәуелі бәйтеректей тамырын тереңге жайған Мəжит Айдархановтың елі үшін атқарған ісін, ерлігін ұрпағы ешқашан ұмытпайды.

Манар Ерботина, «Богатырь Көмір» ЖШС-і мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің басшысы



9 мамырдың таңымен құлазатын көңіл Мəңгілік алаудың айналасынан ұзай бере күлімдеп, жадырап сала беретіні белгілі. Естелік айтар замандастары азайып, көкіректе шер боп қатқан зұлмат жылдардың қасіретін арқалаған қарт солдаттар қатары да сиреп барады. Жеңісті шинеліне орап әкелген тірілерге қарап, олат болғандардың аруағына бас иеді-ау деген бар үміт шөбере мен шөпшектің еншісіне телінеді.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды! Бұл – соғыс қасіретінің сабағы, бұл – бейбітшілік сүйген халықтар қалауы, бұл – құрбан болған боздақтар рухы алдындағы борыш, бұл – төгілген қан мен көз жасының көкіректерде тұнған мұңы мен сыры. Ал сол соғысқа қатысқан жауынгерлер есімі де жылдар өткен сайын жаңғыра түсуде.

Солардың бірі - Мəжит Айдарханов 1905 жылы Баянауыл ауданы қазіргі Жаяу Мұса ауылында туған. Колхоздастыру кезінде Егіндібулақ ауылы үлкен бөлімшеге айналғанда, осы жерде тұрақтап қалады да, сол жерде өмірінің соңына дейін тұрып, 1969 жылы қайтыс болады.

Мəжит атамның ұрпақтары жинастыр-

нияны азат еткені үшін», «1945 жылы Көнигсбергті жаулап алғаны үшін», Ұлы Жеңістің атаулы күндерінде «1941-1945 жж Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 20 жылдығы», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 30 жылдығы» медальдарымен марапатталады.

Бейбіт заманда еліміздің өркендеуіне үлес қосып, совхоздың бригадирі болып жұмыс атқарды.

Мəжит атамның қарындасы Төкіжан апа сол күндерді төмендегідей еске алады:

- Біз ол кезде бала едік. Атамыз өгіз арбаны жегіп, бізді Қарашаттан Баянауылға апаратын. Соғыс басталған кезде ағамды Отан алдындағы әскери борышын өтеуге бүкіл ауыл шығарып салғаны есімде. Мен шамамен 5-6 жастағы баламын. Бағи жылап, бір-білім

Мәжит атаның ұрпақтары жинастырған деректерге зерделей үңілсеңіз, қарт жауынгердің ер тұлғасы асқақтай түседі.

Мәжит 1940 жылы Фин соғысына қатысып, 1941 жылы сол жерден Ұлы Отан соғысына аттанады.

Мәжит атаның айтуынша, жаяу әскер полкі құрамында Мәскеуді қорғап, кейін Украина, Польша, Венгрияны басып өткен. Мұз кешіп, қар жастанған жауынгерлер рухын жоғары ұстауға тырысты. Неміс басқыншыларымен қиян-кескі ұрыста кеңестік әскерлер бір қадам да кейін шегінбеді. Ерлердің бұл даңқы Мәскеудегі Сталиннің де құлағына жетеді. Соғыс кезінде Сталиннің қолы қойылған алғыс хат жау шебін бұзып өткен ержүрек сарбаздарға табысталады. Солардың ішінде Мәжит Айдарханов та бар.

Мәжит Айдархановты кейін 23-інші

мын. Бәрі жылап, бір-бірін құшақтағанда, «Үлкендердің жылағаны несі?» деп қарап қалыппын.

Ұлы Отан соғысынан кейін Айдархановтар отбасы «Октябрь» колхозына қоныс аударады. Мәжит ата 6 ағайынды болды. Бәрі де ертеде дүние салды. Алтаудан Шахмет пен Мәжит қана тірі қалған. Төкен ала - Шахметтің қызы.

Мәжит атамыз Төкен қарындасының есінде өте қарапайым да елгезек, ақкөңіл ері жомарт жан ретінде сақталып қалды.

-Соғыстан келген соң көпке дейін үйленбей бойдақ жүрген ол 1947

